«Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығына сәйкес оқу жылының 1 жарты жылдығында 1-11 сыныптарда оқу процесі қашықтық форматында жүргізілді және 1-4 сынып оқушылар арасында ата-аналарының өтінішімен кезекші сыныптар жұмыс жасады. Әдістемелік ұсынымға сәйкес 1-4 сыныптардың кезекші сыныптардағы апталық сағат жүктемесі инвариантты компоненттің негізгі пәндерінен 12 сағатты құрады, сабақтардың ұзақтығы 40 минут болды. Оқу жоспарының инвариантты компонентінің өзге сағаттары (дене шынықтыру, АКТ, өзін-өзі тану, көркем еңбек пәндері) және вариатив компоненттің сабақтары қашықтықтық форматында жүргізілді. 2021 жылдың 1 қаңтарынан 5 сынып оқушыларына кезекші сыныптар ашылды. Ал 9 және 11 сынып оқушылары білім алудың аралас форматына көшірілді. Оқытылатын пәндердің 70 пайызы штаттық режимде және 30 пайызы қашықтық форматында өткізілді.

2021-2022 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы, өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығын басшылыққа алып күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары жасалып, оқыту жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, өзгерістермен толықтырулар ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығымен бекітілген, ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-9-сыныптарына және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы, ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығына сәйкес жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10-11-сыныптарға арналған (толықтырулар енгізген 16.09.2022 жылы жаңартылған) оқу бағдарламаларын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Тәрбие жұмыстарын жоспарлағанда Қазақстан Республикасы Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып жасалды. 2020 – 2021, 2021 – 2022, 2022-2023 оқу жылдарында тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша мектепшілік 1-11 сынып оқушылары арасында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі № 145 бұйрығы негізінде 2020-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамасының 8 бағыты

бойынша жұмыс жасауда. Оқушыларға Қазақстан Республикасының құқықтық білім беру Концепциясын, (21.06.1995ж) Бала құқығы туралы Конвенциялармен (20.11.1989ж) таныстыру жұмыстары жүргізілген. Жалпы орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша жасалған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отырып, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

- 1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбиесі
3. Ұлттық тәрбие
- 4.Отбасы тәрбиесі
- 5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6.Көп мәдениетті және көркем - эстетикалық тәрбие
- 7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- 8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

2020-2021 оқу жылы коронавирустық инфекцияның алдын - алу жөніндегі санитарлық-эпидемияға қарсы және санитарлық- профилактикалық іс- шаралар жүргізе отырып, І ші жарты жылдықта 1-4 бастауыш сыныптар штаттық режимде,ІІ жарты жылдықта 5-9,11 сынып оқушыларына ата – аналардың өтінішіне орай, сабақтар офлайн режимде ұйымдастырылса, төртінші тоқсанда барлық 1-11 сынып оқушыларына карантин ережелерін сақтай отырып, сабақтар өткізді. 2021-2022 оқу жылында бір кабинет, бір сынып ережесімен санитарлық талаптарды сақтай отырып, сабақ жүргізіліп келеді.Барлық сыныптарда өтілетін ашық тәрбие сағаттары мен апталық сынып сағаттарының кестесі жасалынып, бекітілді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани- адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылуда. Тәрбие жұмыстары барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде жоспарланып, атқарылған іс-шаралар өз уақытында өткізіліп,әлеуметтік желілерге жүктеліп отыр. Мектебімізде 1-11 сынып аралығында 842 оқушы білім алуда. 43 сынып , 4 мектепалды даярлық тобы бар. Барлық сыныптарда жоғары білімді және арнаулы орта білімі бар сынып жетекшілер бекітілген. Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебінде 2022-2023 оқу жылына тәрбиенің ҚР тәрбиенің 8 бағыты негізінде жылдық жоспар құрылып бекітілді.

Биылғы 2022-2023 оқу жылы мектепшілік «Терең білім,еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында өткен салтанатты жиынмен басталды. Жиынға ата-аналар кеңесінің төрайымы З.Мұхашева қатысты. Барлық сынып жетекшілері өз сыныптарында білім күніне орай «Мемлекеттік рәміздер», "Ата заң - бабалар мұраты" тақырыбы «Терең білім,еңбекқорлық және отаншылдық қасиет», аясында сынып сағаттарын өткізді.

5-9. қыркүйек арасында мектебімізде ДТІЖО – ның ұйымдастыруымен денсаулық апаталығының жоспары құрылып, бекітілді. 5.09. күні "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында акция өткізілді. Акцияда мектеп басшылары сөз сөйлеп, спортқа, денсаулықты нығайтуға үлес қосқан ардагер ұстаздарды марапаттады. Атап айтқанда Қ.Әкімбаев Облыстық спорт және туризм басқармасының бастығы алғыс хатымен марапатталды. 10 - сынып оқушылары Сермахан Бүркіт, Орал Асылжан, Ғ.Сәдулер ұлттық ойын түрі «Асық атудан » Республика, облыс, аудан көлемінде жеткен жетістіктері үшін марапатталды. Апталық барысында олимпиада және Азия ойындарының жеңімпаздарына арнап стендтер шығарылды.

5 - 9 сынып аралығында "Денсаулықтың он құпиясы" тақырыбында диктант жаздырылды. үлгілі жазған оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды. Атап айтқанда 8 "б" сынып оқушысы Сәрсен Айсымбат, 7 "ә" сынып оқушысы Мұхамедқызы Адида, 9 сынып оқушысы Қапаш Ақбибі, Ұтұрғанбай Мәдина. Спортпен айналысу, дұрыс тамақтану, қауіпсіз мінез - құлық туралы сынып жетекшілері оқушылармен әңгіме сұхбат, сынып сағаттарын өткізді. Н.Күлбаеваның ұйымдастыруымен 5-8 сыныптар аралығында "Денсаулық бұрышы, қабырға газеттері, сурет көрмесі" ұйымдастырылды.

Ұйымдастырушы педагог Б.Турееттің ұйымдастыруымен "Сауықтырудың дәстүрден тыс әдістері" тақырыбында ата - аналар мен мед қызметкерлер арасында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге 15 ата - ана және 7 медициналық қызмет қамтылды. Б.Рахымбаевтың ұйымдастыруымен 3-4 сыныптар арасында "Толағай" эстафеталық жарыстары өткізілді. Жарысқа 6 команда 60 оқушы қатысты. Ойын соңында жеңіске жеткен командалар мақтау қағазымен марапатталды. "Біз спортшы отбасымыз" тақырыбында көңілді эстафета ұйымдастырылды. А.Жүнісовтың ұйымдастыруымен салауатты өмір салтын насихаттайтын кинофильмдер көрсетілді. Кино фильмге 360 оқушы қамтылды. 09-19.09.2022 жылы аралығында "Ел байлығы еселенсін" тақырыбында "Алтын күз" онкүндігі өткізілді. Бұл онкүндіктің аясында 6 "ә" сыныбында 14.09. Биболатова А, Сабырғалиева А ның ұйымдастыруымен "Қош келдің алтын күз", 19.09. 3 "р" сыныбында А.Ермекбаеваның ұйымдастыруымен "Арайлы алтын күз", 3 а сынып Н.Бөлтекованың ұйымдастыруымен "Қош келдің алтын күз" тәрбие сағаты, 7 "ә" сыныбында Ғ.Садықбековтың ұйымдастыруымен "Арайлы алтын күз" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілді. 10.09. "Шынықсаң шымыр боласың" эстафеталық жарыс Н. Айтбаевтың ұйымдастыруымен өткізілді. 14.09. "Мен және менің жанұям" отбасылық сайыс Б.Елдібаевтың ұйымдастыруымен өткізілді. 12.09. Е.Балабаева мен А.Акимованың ұйымдастыруымен "Алтын күз" тақырыбында жас ақындар мүшайрасы 5-11 сыныптар аралығында өткізілді. 5-11 сыныптар аралығында 14.09. "Гүлдер мерекесі" өткізілді. Барлық сыныптарда "Алтын күз" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 15.09. "Күзгі дақылдар" көрмесі және "Күзгі жәрмеңке" ұйымдастырылып 3-11 сыныптар аралығында өткізілді. Онкүндік барысында күз көріністері қабырға газеттерінің байқау өткізіліп, 16.09. 9 сыныптар аралығында "Күзгі бал" кеші өткізілді. "Күз аруы" байқау 10-сыныптар аралығында өткізілді. "Алтын күзде ауыл кеші көңілді" тақырыбында жастар ұйымының кеші 19.09. күні болып өтті. Осы кеште онкүндік барысында белсенді қатысқан оқушылармен мұғалімдер марапатталды. 19.09-26.09 аралығында "Тілдер мерекесі" апталығының іс - шарасы түзіліп бекітілді. 1-11 сыныптар аралығында қабырға газеттерінің байқауы, 4 сыныптар аралығында Г.Жолдыбаеваның ұйымдастыруымен "Тапқыр достар" сайысы, 7 сыныптар аралығында Джолдыбаева Жанардың ұйымдастыруымен "Тіл білгірі" сайыс өтті. А.Айтбаеваның 7 сыныптар аралығында "Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ" сайысы өткізілді. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Н.Ертилеуованың 6 сыныптар аралығында "Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл" атты сайыс сабағы өткізілді. Бастауыш сынып мұғалімі М.Нұрманова "Мақал мәтелдер" сайысын өткізді. 11 сыныптар аралығында З.Есениязованың ұйымдастыруымен "Сөз мерген" сайысы өткізіліп сайыс жеңімпазы Абдикаримова Гүлшат деп танылды. Орыс тілі пәнінің мұғалімі М.Абдирахманованың ұйымдастыруымен 6 сыныптар аралығында "Язык мой - друг мой" атты сайыс сабағын өтті. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.Жолдыбаева 8 "б" сыныбында "Туған тілім - тірлігімнің айғағы" атты ашық тәрбие сағаттын өткізді. 4 "а" сыныбында Ф.Адрахманованың ұйымдастыруымен "Мемлекеттік тіл - менің тілім" ашық тәрбие сағаты өткізілді. Орыс тілі пәнінің мұғалімі П.Кушнязованың 9 сыныптар арасында "Умники - умницы" атты білімділер сайысын өткізді. бастауыш сынып мұғалімі Қошимова Ұлжалғас "Ата тілім - асыл мұрам" ашық тәрбие сағаты өтті. Апаттылыққа белсене қатысқан оқушылар мен мұғалімдер апталық қорытындысында марапатталды.

1- қазан «қарттар күніне» орай «Қариялар азайып бара жатыр» тақырыбында ардагер ұстаздар, еңбек ардагерлері, батыр аналармен кездесу өткізіліп , жастар ұйымының атынан

қонақтарға сый-сияпаттар берілді. 5 қазан ұстаздар мерекесіне орай мектеп парламенті ұйымының ұйымдастыруымен «Ұстазым, менің ұстазым» тақырыбында мерекелік жиын өткізіліп, ұстаздарды мектеп директоры Ж.Нұрымбет мақтау қағаздармен марапаттады. Барлық сынып жетекшілері «Ұстаз ұлағаты» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. Мектебіміздің демеушісі мектеп мұғалімі Қ.Акимбаевтың демеушілігімен аудан мектептері аралығында "Айым" кубогы тақырыбында кіші футболдан ұлдар арасында және қол добынан қыздар арасында спорттық жасрыстар болып өтті. Бұл жарысқа аудан мектептерінен 16 команда қатысып І орынды біздің мектептің "Әсет" ұлдар командасымен "Арай" қыздар командасы иеленді. демеушіміздің мақтау қағаздарымен І, ІІ, ІІІ дәрежелі кубогымен және медальдармен марапатталды. Аудандық «Үздік жүргізуші-2022» байқауына 11 "б" сынып оқушылары Садықбекова Гүлдана қатысып І орын иегері атанды. 10 қазан «Дін және жастар» тақырыбында аудан имамы және ішкі саясат бөлімінің маманы А.Данияров қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. 11-9 сынып оқушылары қонақтарға дін мәселесі туралы сұрақтар қойып, өз ойларын ортаға салды.

Жастар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында 9-11 сынып оқушылардың қатысуымен «Жасөспірімдер қылмысы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге аудандық білім бөлімінің инспекторы Н.Әбілдаев, «Жастар орталығының» нұсқаушысы Р.Аранжанова қатысып, оқушылардың сауалдарына жауап берді. 25 қазан мен 25 қараша аралығында "Жас ұрпақты есірткі эспонциясынан қорғау және денсаулық мәдениетін қалыптастыру" тақырыбында кең көлемді танымдық компания айлық іс-шара өткізілді.

<http://kurmanghazy-mek-shardara.testim.kz/images-new/oblako.png>

"Нашақорлық- ғасыр дерті" тақырыбында суреттер байқауы өткізіліп бас жүлде 8 "ә" сынып оқушысы З.Ділдәбек жеңіп алып, аудандық байқауда ІІІ орынды иеленді. 18.11.2022 жылы 9-10-11 сыныптар арасында "Есірткіге ес кетпесін" тақырыпта шығармалар байқауы өткізіліп Ә.Сабырғалиева бас жүлдеге ие болды. 25 қазан мен 24 қараша аралығында "Өмір сыйы" тақырыбында қолөнер байқау өтіп екі жұмыс аудандық байқауға жіберілді, атап айтқанда 4 "б" сынып оқушы Әбдіш Ақниет, І орынды 6 "в" сынып оқушысы Мырза Ақниет иеленді. Айлық аясында "Мені қоршаған әлем" тақырыбында фото көрме өтіп үздік екі жұмыстың иегері 10 "а" сынып оқушысы Абілмансұр Ділдәбек иеленді. "Наркобекеттердің жанындағы "Үгіт бригадасының" байқауы өткізіліп, жеңімпаз "Үгіт бригадасының" жұмысы жинақталып аудандық білім бөліміне тапсырылды. Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектепшік спорттық жарыстар өткізілді. «Түркістан облысы жастары салауатты қолдайды» тақырыбында қорытынды акция өткізіліп жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды. 08.11-14.11.2022 ж балалар мен жасөспірімдердің күзгі демалысын пайдалы өткізу мақсатында мектептің барлық үйірмелері мен клубтарының жоспары үйлестіріліп бекітілді. "Қыл қалам, қол өнер, саз әлемі, би, домбыра дастан, спорт үйірмелері" демалыс уақытында балалар мен жұмыс ждасау қамтамасыз етуді ҚББП- У.Абдурахманова және үйірме жетекшілері ұйымдастырды. Дене шынықтыру ӘБЖ – Б.Елдібаев волейбол, футбол, баскетбол, стол теннис, тоғыз құмалақ, шахмат ,асық ату бес асық үйірмелерінің жұмысын жүргізуге атсалысты. ЭКО штаб, жас заңгер, наркобекет, мектеп парламенті ұйымының жұмысын жүргізуді тәлімгер А.Бұхарбай, Қ.Садықбеков, Г. Нұрсейтова, М.Жарлықбаев өз дәрежесінде атқарды. 8-14.11.2022ж аралығында түнгі мезгілде балалар мен жасөспірімдер жиналатын орындарға ДТІЖО: М.Әділханның ұйымдастыруымен кезекшілік кестесі құрылып талапқа сай орындалды. жоспарға сйкес атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығарып 16 қарашада аудандық білім бөліміне тапсырылды .14 қараша күні «Теріс діни ағымдар уағызы-заңсыз уағыз» тақырыпта ата-аналар мен 9-10 сынып оқушыларының қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Абай Құнанбаевтың 177 жылдығына «Абай –дана, Абай - дара қазақта» тақырыбында әдеби-сазды кеш өткізілді. Кеште Абай шығармасынан әндер, жырлар, көріністер, билер орындалды. Іс –шараға белсене қатысқан оқушылар

мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталды. Мектеп кітапханашысы Н.Нұрпейсованың ұйымдастыруымен «Түркістаным - киелі өлкем менің» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. 25.11.2022 жылы тәлімгер А.Бұхарбай және ұйымдастырушы педагог Б.Туреевтің ұйымдастыруымен Республикалық «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымына қабылдау рәсімі өткізілді. мектебіміздегі жақсы оқитын үлгілі оқушылардың "Жас ұлан" тобына 25 оқушы, "Жас қыран" тобына 25 оқушы барлығын 50 оқушы қабылданды. «1 желтоқсан дүниежүзілік АИТВ –ға қарсы күн» қарсаңында мектеп медбикесі Г.Абуова "Нашақорлық нағыз қорылық" , "АИТВ-қасырет қақпаны" тақырыбында 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен санбюллетень шығарды. Мектептің педагог психологы Ғ.Садықбеков 10 сыныптар арасында 25.11 күні «Болашақ есірткісіз жастар қозғалыс аясында»дөңгелек үстел өткізді. 8.12.2022ж қорытындысы жасалып мектеп әкімшілігі өте жақсы қатысқан оқушылар мен мұғалімдерді марапатталды. 6.12-16.12.2022ж аралығында "Тәуелсіз Қазақстан тақырыбында" аптық іс - шаралар жоспары құрылып, бекітілді. 13.12 "Тәуелсіздік - Қазақтың сан ғасырлық арманы" тақырыбында ашық тәрбие сағаты 11 "а" сыныбында Н.Турабаеваның ұйымдастыруымен өткізілді. 12.12 «Ата мекен» тақырыбында патриоттық әндер байқауын З.Есениязова және Б.Туреев ұйымдастырды. 14.12 «Көк тудың желбірегені»тақырыбында жас ақындар мүшайрасы болып өтті. Бұл мүшайраның жеңімпазы 11 «ә» сынып оқушысы Диана Абдуллаева болды. 15.12 «Бала шақтан –болашаққа» тақырыбында мамандық таңдау кездесуі болып өтті. Кездесуді ұйымдастырған ДӘІЖО: Қ.Садықбеков. Кездесуге аудан ардагерлері М.Мұңалбаев , Ж.Таңбаевтартар қатысып өз ойларымен бөлісті.

09.12-20.12. аралығында "Менің Қазақстаным" тақырыбында тарих және география онкүндігі өткізілді. "Менің Қазақстаным атты" қабырға газеттері шағарылды. Онкүндік аясында "Мұғалім келбеті" байқауы өткізілді. Бұл байқауда он күн ішінде мұғалімдердің сөйлеу мәдениеті, киім киісі, педагогикалық іс - тәжірибелері қаралды. Байқаудың жеңімпазы деп тарих пәнінің мұғалімі Қ.Садықбеков, педагог психолог П.Тұңғышбаева танылды. 09-20. 12.2022 жылы мұғалімдердің жеке педагогикалық көрмесі өткізілді. Көрмеде мұғалімдердің портфолио, көрнекіліктер, жеке кітапханасы ұсынылды. 14.12.2023ж Б.Қалдыбектің ұйымдастыруымен "XXI ғасыр көшбасшысы" 8 сыныптар аралығында өткізілді. 15.12.2022 ж Л.Қалиеваныңның ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік Қазақтың сан ғасырлық арманы» 10 «ә» сыныбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

"Жаңа жыл - 2022" мерекесін ұйымдастыру және өткізу мақсатында атқарылатын іс - шаралар түзіліп , бекітілді. Жоспар бойынша барлық сыныптар мерекелік сынып сағаттарын кестеге сәйкес 30.12.2022 жыл аралығында өткізді.

31.12-09.01.2023 жыл арлығында оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу мақсатында іс - шаралар жоспары түзіліп бекітілді. 5.01.2023 жылы М.Жарлықбаевтың ұйымдастыруымен "Жолда жүру ережелері" ашық тәрбие сағаты өткізілді. 5.01.-10.01. аралығында «Денім сау болсын десең» денешынықтыру бірлестігінің ұйымдастыруымен Тоғыз құмалақ, қол добы, былғары доп,асық ату ,бес асық ойын түрлерінен мектепшілік сайыстар болып өтті. 7.01. психолог Ғ.Садықбеков «Дос бола білу де өнер»тақырыбында пікір сайыс өткізді. ҚББП: У.Абдурахманованың ұйымдастыруымен «Жасөспірімдердің мінезіндегі ерекшеліктер»тақырыбында баяндама оқыды. «Бала - ұлттық тәлім - тәрбиенің бастауы» тақырыбында әлеуметтік педагог Г.Нұрсейтова баяндама оқыды. «Заң бәрімізге ортақ» құқықтық білім беру бағыты бойынша Қ.Садықбеков баяндама оқыды. Кітапханашы Н.Нұрпейсованың ұйымдастыруымен «Ертегілер еліне саяхат» , «Кітап - жан азығы» 4 –7.01.2023 жыл аралығында жас оқырмандар кешін өткізді. Аудандық орман шаруашылығының ұйымдастыруымен өткен «Табиғат біздің анамыз» байқауда 7 а сынып оқушысы «Қолөнер» бағыты бойынша Жансая Жолдас І орынды, 8 ә сынып оқушысы Ж.Сырым 2 орынды иеленді. Аудандық «Балдаурен» ән-би байқауына мектебіміздің 3 «а» сынып оқушысы Нүргүл Мұса қатасып ІІІ орынды иеленді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығы аясында жастар арасында өткізілген аудандық пікір-сайыс турниріне мектебіміздің «Патриот» тобы қатысып

номинациясымен марапатталды. Мектептің 9-11 сынып ұл балаларынына «Темекінің адам өміріне зияны» туралы семинар сабақ өткізіліп, бейнефильм көрсетілді. 14 ақпанда «Ертеңінді ойласаң- есірткіге жолама» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге «Жастар» орталығының нұсқаушысы Р.Аранжанова, ата-аналар Т.Аймұратов, З.Мұхашева, ауыл биі Б.Раймұханов, мектеп медбикесі Г. Абуова, педагог-психолог П.Тұңғышбаева, құқық пәнінің мұғалімі Л.Елден қатысып, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды. 13-20. 01.2023ж аралығында жастар мен кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдыналу мақсатында апталық іс-шара жоспарланып, бекітілді. 17 ақпан2023 жылы мектеп ата -аналар жиналысын учаскелік полицей өкілдерінің қатысуымен «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол!» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

13.02.2023 жыл «Ерлікке тағзым» тақырыбында мектеп парламенті ұйымының ұйымдастыруымен мерекелік кеш өткізілді. Сонымен қоса Ауған соғысы ардагері Б.Айтбаевтың үйіне АӘД пәнінің мұғалімі А.Бөжікенов, тәлімгер А.Бұхарбай, ұйымдастырушы педагог Б.Туреев 10-11 сынып оқушыларымен үйіне барып үй шаруасына, қора –жайына көмек көрсетті. 14 ақпан күні аудандық ауған ардагерлер төрағасы Қ.Сатбаев, ардагерлер Б.Айтбаев, С.Дүйсалиев, О.Қиясов, Б.Сабырғалиевтар мен кездесу өткізілді. Кездесуге келген қонақтар оқушылар арасындағы спорттық жарыстарды қызықтап, кітапханада ұйымдастырылған ауған соғыс ардагерлер көрмесін тамашалап, оқушылар қойған әдеби, сазды бағдарламаға өз ризашылықтарын білдірді. Іс –шараға белсене қатысқан оқушылар мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталды. Мектеп кітапханашысы Н.Нұрпейсованың ұйымдастыруымен «Түркістаным - киелі өлкем менің» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. 25.11.2022 жылы тәлімгер А.Бұхарбай және ұйымдастырушы педагог Б.Туреевтің ұйымдастыруымен Республикалық «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымына қабылдау рәсімі өткізілді. мектебіміздегі жақсы оқитын үлгілі оқушылардың "Жас ұлан" тобына 25 оқушы, "Жас қыран" тобына 25 оқушы барлығы 50 оқушы қабылданды. «1 желтоқсан дүниежүзілік АИТВ –ға қарсы күн» қарсаңында мектеп медбикесі Г.Абуова "Нашақорлық нағыз қорылық", "АИТВ-қасырет қақпаны" тақырыбында 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен санбюллетень шығарды. Мектептің педагог психологы Ғ.Садықбеков 10 сыныптар арасында 25.11 күні «Болашақ есірткісіз жастар қозғалыс аясында» дөңгелек үстел өткізді. 8.12.2022ж қорытындысы жасалып мектеп әкімшілігі өте жақсы қатысқан оқушылар мен мұғалімдерді марапатталды. 6.12-16.12.2022ж аралығында "Тәуелсіз Қазақстан тақырыбында" аптық іс - шаралар жоспары құрылып, бекітілді. 13.12 "Тәуелсіздік - Қазақтың сан ғасырлық арманы" тақырыбында ашық тәрбие сағаты 11 "а" сыныбында Н.Турабаеваның ұйымдастыруымен өткізілді. 12.12 «Ата мекен» тақырыбында патриоттық әндер байқауын З.Есениязова және Б.Туреев ұйымдастырды. 14.12 «Көк тудың желбірегені» тақырыбында жас ақындар мүшайрасы болып өтті. Бұл мүшайраның жеңімпазы 11 «ә» сынып оқушысы Диана Абдуллаева болды. 15.12 «Бала шақтан –болашаққа» тақырыбында мамандық таңдау кездесуі болып өтті. Кездесуді ұйымдастырған ДӘІЖО: Қ.Садықбеков. Кездесуге аудан ардагерлері М.Мұңалбаев, Ж.Таңбаевтар қатысып өз ойларымен бөлісті.

09.12-20.12. аралығында "Менің Қазақстаным" тақырыбында тарих және география онкүндігі өткізілді. "Менің Қазақстаным атты" қабырға газеттері шағарылды. Онкүндік аясында "Мұғалім келбеті" байқауы өткізілді. Бұл байқауда он күн ішінде мұғалімдердің сөйлеу мәдениеті, киім киісі, педагогикалық іс - тәжірибелері қаралды. Байқаудың жеңімпазы деп тарих пәнінің мұғалімі Қ.Садықбеков, педагог психолог П.Тұңғышбаева танылды. 09-20. 12.2022 жылы мұғалімдердің жеке педагогикалық көрмесі өткізілді. Көрмеде мұғалімдердің портфолио, көрнекіліктер, жеке кітапханасы ұсынылды. 14.12.2023ж Б.Қалдыбектің ұйымдастыруымен "XXI ғасыр көшбасшысы" 8 сыныптар аралығында өткізілді. 15.12.2022 ж Л.Қалиеваныңның ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік Қазақтың сан ғасырлық арманы» 10 «ә» сыныбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

"Жаңа жыл - 2022" мерекесін ұйымдастыру және өткізу мақсатында атқарылатын іс - шаралар түзіліп , бекітілді. Жоспар бойынша барлық сыныптар мерекелік сынып сағаттарын кестеге сәйкес 30.12.2022 жыл аралығында өткізді.

31.12-09.01.2023 жыл аралығында оқушылардың қысқы демалысын тиімді өткізу мақсатында іс - шаралар жоспары түзіліп бекітілді. 5.01.2023 жылы М.Жарлықбаевтың ұйымдастыруымен "Жолда жүру ережелері" ашық тәрбие сағаты өткізілді. 5.01.-10.01. аралығында «Денім сау болсын десең» денешынықтыру бірлестігінің ұйымдастыруымен Тоғыз құмалақ, қол добы, былғары доп, асық ату , бес асық ойын түрлерінен мектепшілік сайыстар болып өтті. 7.01. психолог Ғ.Садықбеков «Дос бола білу де өнер» тақырыбында пікір сайыс өткізді. ҚББП: У.Адурахманованың ұйымдастыруымен «Жасөспірімдердің мінезіндегі ерекшеліктер» тақырыбында баяндама оқыды. «Бала - ұлттық тәлім - тәрбиенің бастауы» тақырыбында әлеуметтік педагог Г.Нұрсейтова баяндама оқыды. «Заң бәрімізге ортақ» құқықтық білім беру бағыты бойынша Қ.Садықбеков баяндама оқыды. Кітапханашы Н.Нұрпейсованың ұйымдастыруымен «Ертегілер еліне саяхат» , «Кітап - жан азығы»

4 –7.01.2023 жыл аралығында жас оқырмандар кешін өткізді.

Аудандық орман шаруашылығының ұйымдастыруымен өткен «Табиғат біздің анамыз» байқауда 7 а сынып оқушысы «Қолөнер» бағыты бойынша Жансая Жолдас І орынды, 8 а сынып оқушысы Ж.Сырым 2 орынды иеленді. Аудандық «Балдаурен» ән-би байқауына мектебіміздің 3 «а» сынып оқушысы Нұргүл Мұса қатасып ІІІ орынды иеленді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығы аясында жастар арасында өткізілген аудандық пікір-сайыс турниріне мектебіміздің «Патриот» тобы қатысып номинациясымен марапатталды. Мектептің 9-11 сынып ұл балаларына «Темекінің адам өміріне зияны» туралы семинар сабақ өткізіліп, бейнефильм көрсетілді. 14 ақпанда «Ертеңінді ойласаң- есірткіге жолама» тақырыбында кездесу өткізілді. Кездесуге «Жастар» орталығының нұсқаушысы Р.Аранжанова, ата-аналар Т.Аймұратов, З.Мұхашева, ауыл биі Б.Раймұханов, мектеп медбикесі Г. Абуова, педагог-психолог П.Тұңғышбаева, құқық пәнінің мұғалімі Л.Елден қатысып, оқушылардың сұрақтарына жауап беріп, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырды.

13-20. 01.2023ж аралығында жастар мен кәмелетке толмағандар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдыналу мақсатында апталық іс-шара жоспарланып, бекітілді. 17 ақпан 2023 жылы мектеп ата -аналар жиналысын учаскелік полицей өкілдерінің қатысуымен «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана: өз балаңа үлгі бол !» тақырыбында ата- аналар жиналысы өткізілді. 13.02.2023 жыл «Ерлікке тағзым» тақырыбында мектеп парламенті ұйымының ұйымдастыруымен мерекелік кеш өткізілді. Сонымен қоса Ауған соғысы ардагері Б.Айтбаевтың үйіне АӘД пәнінің мұғалімі А.Бөжікенов , тәлімгер А.Бұхарбай , ұйымдастырушы педагог Б.Туреев 10-11 сынып оқушыларымен үйіне барып үй шаруасына, қора –жайына көмек көрсетті. 14 ақпан күні аудандық ауған ардагерлер төрағасы Қ.Сатбаев, ардагерлер Б.Айтбаев, С.Дүйсалиев, О.Қиясов, Б.Сабырғалиевтар мен кездесу өткізілді. Кездесуге келген қонақтар оқушылар арасындағы спорттық жарыстарды қызықтап, кітапханада ұйымдастырылған ауған соғыс ардагерлер көрмесін тамашалап, оқушылар қойған әдеби, сазды бағдарламаға өз ризашылықтарын білдірді.

27 ақпан күні 9-11 сынып оқушылары арасында мектеп инспекторы М.Дүйсенов «Балалар арасында зорлық - зомбылық мәселесін болдырмау» тақырыбында әңгіме жүргізді.

6.03.2023 жылы « 8 - наурыз халықаралық әйелдер күнін» атап өту мақсатында мектепшілік іс - шаралар жоспары түзіліп, бекітілді. Барлық сыныптарды «Ардақты әже, ардақты ана, ару қыз» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 5-11 сыныптар аралығында "Анамның бейнесі, ұстаз келбеті" тақырыбында сурет көрмесі өткізілді. 7.03.2023 жылы ардагер ұстаздарға арналып мектебіміздің оқушылары мерекелік концерт ұйымдастырды. 9.03.-20.03.2023 жыл аралығында «Өнер құдыреті мәңгілік» тақырыбында онкүндік іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілді. 10.03.2023 жыл Н.Күлбаева, З.Уразова, Р.Қосбаеваның ұйымдастыруымен сурет көрмесі өткізілді. 13.03.2023 жылы ДТІЖО Л.Қалиева, Б.Туреев , А.Бұхарбай, У.Абдурахманованың ұйымдастыруымен «Жаңа

Қазақстан күшіміз бірлікте» өнер фестивалы өткізіліп, аудандық өнер фестивалында мектебіміз бас жүлдеге ие болды. 14.03.2023 жыл Г.Түгелованың ұйымдастыруымен «Өнер құдыреті мәңгілік» тақырыбында өтілген онкүндікте театрландырылған сахналық көрініс 10-11 сыныптар аралығында өткізілді. I орынды «Жаңбыр менен жер көгерер, батаменен ер көгерер» атты сахналық көрініс 10 «б» сынып оқушылары еншісіне тиді. II орын алған 11 "ә" сыныбы «Атадан қалған асыл мұра» көрініс. III орынды 10 "а" сынып оқушылары «Салт - дәстүр - асыл қазынам» сахналық көрініс алды. 14 наурыз 2023 жылы қазақтың көрісу мерекесіне орай 82 жастағы Мұңалбаев Мұханбет атасының үйіне оқушылар барып сый - сияпат жасап, атаның қызықты әңгімелерін тыңдап, үй шаруасына жәрдемдерін көрсетті. Сонымен қосы ауған соғыс ардагерлерімен, ауыл қарттарымен кездесулер өткізді.

15 - 16 - 17.03.2023 жылы аралығында оқушылардың өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында және нағыз дарын иесін анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларының арасында жанды дауыста "Алтын жұлдыз" ән байқауы өткізілді. Бұл байқауға 19 оқушы қатысты. "Алтын жұлдыз" ән байқауының жеңімпазы болып 7 «ә» сынып оқушысы Ерсайын Диана танылды. 15.03.2023 жыл осы онкүндік аясында мектеп мұғалімдерінің арасында отбасы тәрбиесін дәріптеу мақсатында «Қазақтың келіндері ай» сайысы болып өтті. Келіндер сайысына 7 жас мұғалім қатысты. Бас жүлде Ермуханбетова Динара , I орын Сұлтан Перизат, II орын Жұмағұлова Меруерт, III орын Қосымбаева Жұлдыз танылды. 17.03.2023 жылы Л.Қалиева мен сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 10-11 сынып аралығында "Наурыз аруы" қыз сыны байқауы болып өтті. 17.03.2023 жыл "Өнші балапан " ән байқауы өткізілді. Мектепшілік байқаудың ақтық сайысына 7 оқушы қатысты. Бас жүлдені Сыдық Жаулыбай және Аманбек Кәусар. I орын Н.Мәлік, II орын Закир Мәдина және Есенжол мадияр, Ермекбай Алина деп танылды. 17.03.2023 жыл "Наурыз - Ұлыстың ұлы күні" тақырыбында мерекелік іс - шара өткізілді. Бұл іс - шарада "Алтын жұлдыз" ән байқауының жеңімпаздары, "Өнші балапан" және басқада байқаудың жеңімпаздары өнер көрсетті. Барлық сыныптарда "Наурыз жыл басы" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Сонымен қатар дене шынықтыру бірлестігінің ұйымдастыруымен ұлттық ойындардан сайыстар өткізіліп, оқу жылы барысында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысқан оқушылар мен мұғалімдер марапатталды. 10 сәуір - 20 сәуір аралығында "Салауатты өмір салтын насихаттау" мақсатында «Біз салауатты өмірді қолдаймыз» тақырыбында дене шынықтыру пән бірлестігінің онкүндігі болып өтті. Бұл онкүндік аясында спорттық жарыстардан мектепшілік біріншілік болып үздік командалар марапатталып, ұлтық ойыннан «Бес асық», «Асық ату» түрлерінен мектептің командасы ауданда, олыста жеңімпаз болып танылып «Мектеп лигасы» жарысында «Бес асық» командасы Астана қаласында өткен Республикалық жарыста жеңімпаз атанып Қазақстан Республикасының чемпионы болды. 29.04.23 күні «1 мамыр- Халықаралық ынтымақтастық күні» орай «Ынтымақ, бірлік, береке» тақырыбында мерекелік жиын өткізіліп, әр ұлттың өнерлері көрсетілді. Барлық сыныптарда "Халықтар достығы" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 8.05.23 күні «Ұлы жеңіске 78 жыл» тақырыбында салтанатты жиын өткізіліп, сахналық қойылым көрсетілді. «Олар Отан үшін шайқасты» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, барлық сыныптарда «Ерлік елге мұра, ұрпаққа ұран» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Аудандық ішкі саясаттың ұйымдастыруымен «Жеңіс туы» тақырыбында өткізілген эстафеталық жарыста Құрманғазы мектебінің командасы I орынды иеленді. 15 мамыр 2023 жыл

"Ұланымыз -ұлы елдің" атты облыстық слет-байқауының аудандық кезеңіне мектебіміздің 10 «ә» сынып оқушылары "Айбынды алаш" тобы қатысып аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің мақтау қағазымен марапатталды.

25.05.2023 күні «Қош бол алтын ұя мектебім !» тақырыбында оқу жылын аяқтау мерекелік жиын өткізілді. Жиында жыл бойы жетістіктерге жеткен мұғалімдер мен оқушылар алғыс хатпен марапатталды. Өнерлі оқушылар өз өнерлерін ортаға салды. 26.05.2023 жыл жазғы демалысты ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары түзіліп, бекітілді. Облыс көлеміндегі демалыс лагеріне мектебімізден 110 оқушы қамтылды. Олар

жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы, көп балалы отбасы, озат оқушылар, спортта және өнерде жетістікке жеткен толық емес отбасы балалары. Сонымен қатар мектепте «Балдырған» сауықтыру алаңы жұмыс атқарды. Алаңда 4 топ, 25 оқушыдан барлығы 100 оқушы ІІ ауысымда демалыспен қамтылды. "Балдырған" сауықтыру алаңы өз дәрежесінде жұмыс атқарды деп танылды.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысындағы атқарылған іс – шаралар қорытындыланып, жаңа оқу жылына атқарылатын іс – шаралар жоспары құрылды.

<http://kurmanghazy-mek-shardara.testim.kz/kz/t-rbie-zh-mysy.html>

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрпөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 1-тармағы).

Білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем - эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, көркем еңбекке, экологиялық - биологиялық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі.

Жыл сайын қосымша сабақтардың жоспарлары және оларды орындау жөніндегі есептер бекітіледі.

Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық актісін жүзеге асыру болып табылады.

Тәрбие жұмысының жоспарымен келесі бағыттар бойынша іс-шаралар қарастырылған: Қазақстандық патриотизм және азаматтылық, құқықтық тәрбие, Рухани адамгершілік тәрбиесі, Ұлттық тәрбие, Отбасы тәрбиесі, Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие, Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, ата-аналармен жұмыс және 2020-2023 жылдарға арналған балалардың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу жөніндегі ведомствоаралық іс-шаралар жоспары. Тәрбие жұмысы аясында аталған барлық бағыттар бойынша сыныптан тыс сағаттар, конкурстар, жарыстар, сайыстар, кездесулер, түсіндіру жұмыстары, тақырыптық фестивальдар, дебаттар және т. б. өткізілді.

Тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына тәрбие жұмысы бойынша жоспарлар мен есептер қоса беріледі.

Қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 1-тармағы). Білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем-эстетикалық, әскери-патриоттық, музыкалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі. Жыл сайын қосымша сабақтардың жоспарлары және оларды орындау жөніндегі есептер бекітілді.

2021-2022 оқу жылында мектепте 10 ақысыз үйірме жұмыс жасады. Атап айтқанда: «Жас шебер» үйірмесіне (0,5шт) 13 оқушы, «Өлкетану» үйірмесіне 45 оқушы, «Тарих ата» 42 оқушы, «Шебер қолдар» үйірмесіне 43 оқушы, «Компьютер әлемінде» үйірмесіне 44 оқушы, «Әлемнің жеті кереметі» (0,5 шт) үйірмесіне 21 оқушы, «Математикалық сауаттылық» үйірмесіне 44 оқушы, «Қызықты психология» үйірмесіне 39 оқушы, «Үкілі домбыра» (0,5 шт) үйірмесіне 22 оқушы, спорттық үйірмелерге (волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату) үйірмелеріне 226 оқушы тартылған. Бастауыш сыныпта балалар қазақ тілі, математика, жаратылыстану пәндері бойынша үйірмелерге тартылған. Жалпы мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылында 624 оқушы 70 % түрлі үйірмелерге тартылған. Бұл үйірмелерге үйірме жетекшілері жетекшілік жасап, іс-жоспарлары бекітілген. Үйірмелердің өткізу кестесі жасалған. 1-қыркүйек – Білім күні мерекесіне орай «Кел, балалар оқылық!» атты іс-шара ұйымдастырылды. Мақсаты: Білім күні үлкен мереке екенін балаларға жеткізе білу, сезіну, білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу



оқушы,
оқушы,
оқушы,
оқушы,
30
футбол,



«Күз -мереке, күз -береке» апталығында 13.10.2021 ж. қосымша білім беру педагогы Абдурахманова Уралай 5-10 сынып оқушылары арасында «Гүлдер мерекесін» ұйымдастырды.



«Күз -мереке, күз -береке» апталығында 18.10.2021 ж. «Үкілі домбыра» үйірме жетекшісі Төлесін Аппақ «Арайлы алтын күз» атты ән байқауын ұйымдастырды. Байқауға 5-10 сыныптар қамтылды.



Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай, 10.10.2021ж «Шебер қолдар» үйірме жетекшісі Уразова Зина 5-10 сынып оқушылары арасында «Бір шаңырақта жасаймыз...» тақырыбында бүктеме байқауын өткізді.



Қазақстан Республикасының 30 жылдығына орай 15.12.2021ж «Ұшқыр ой алаңы» үйірме жетекшісі Садуова Мадина 8- сынып оқушыларына «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында ашық сабақ өтті.



Тарихымызды танып білуге және оның ішіндегі тарихи жәдігерлер мен құндылықтарымызды өз көздерімен көріп, тану мақсатында 08.11.2021 ж. үйірме жетекшілері К.Кусбаева және М.Жумагулова 6 сынып оқушыларын Аудандық Мұражайға



саяхат
жасатып
келді.

АӘДБ жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасының 30-жылдығына орай «Қоғамдық сананы жаңғырту – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы қосымша білім беру жұмыстарының рөлі» тақырыбында онлайн режимде ZOOM платформасы арқылы семинар өткізілді. Семинарда сабақ өткен үйірме жетекшілері:

1. «Тарих сабағында заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану» интеллектуалды шоу сабақ. «Тарих ата» үйірме жетекшісі: К.Кусбаева
2. «Таспадан жасалған шашақты гүлдер» шебер сынып. «Шебер қол» үйірме жетекшісі: 3.Уразова
3. «Сіз ғажайыпсыз...» тренинг сабақ. «Қызықты психология» үйірме жетекшісі: Л.Саухатова
4. «Жаңа жылдық шеберхана» ашық сабақ. «Жас шебер» үйірме жетекшісі: Р.Кусбаева
5. «Кеңес күйі» аралас сабақ. «Үкілі домбыра» үйірме жетекшісі: А.Төлесін


1. «Тарих ата» үйірме жетекшісі: К.Кусбаева интеллектуалды шоу сабағындағы әдіс-тәсілдер. «Тарсия» әдісі – қағаз қиындыларын дұрыс жауаппен сәйкестендіріп бекіту, «Оң қол-сол қол» әдісі – оң қолдағы сұрақпен сол қолдағы жауапты сәйкестендіру, «Құпия қонақ» әдісі – бір оқушы басқа оқушыға бір тұлғаның суретін жасырады. Жасырған оқушының қолында сол тұлға туралы мәлімет бар. Ол оқушы «Ия» немесе «Жоқ» деп жауап береді. Басқа оқушылар сол тұлғаны табуы тиіс.

2. «Шебер қол» үйірме жетекшісі: 3.Уразова шебер сыныбында практикалық және репродуктивті әдісті пайдаланды.

3. «Қызықты психология» үйірме жетекшісі: Л.Саухатова тренинг сабағындағы әдіс-тәсілдер. «Менің жейдешем» әдісі - түстерге шолу. Бір түсті таңдау арқылы сол түстің адамға қандай әсер ететінін айтады. «Жеміс ағашы» әдісінде - ағаштағы жасырылған сұрақтарға шапшаң жауап береді. «Лобиринт» әдісі – оқушылар топтасып дөңгелек бұйымды плакатты қозғау арқылы жолдардан адастырмай өтіп, өздерінің ұйымшылдығын көрсетеді. Кері байланыс «Жүрекше». Оқушылар жүрекшенің артына сабақтан қандай әсер алғандығын жазып тапсырады.

4. «Жас шебер» үйірме жетекшісі: Р.Кусбаева ашық сабағын «Майшам» әдісі арқылы оқушылар бір-біріне жылы лебіздерімен бастады. «Сиқырлы қалпақ» үй тапсырмасын бір оқушы өзінің жауабынан соң екінші оқушыға қалпақты кигізу арқылы сабақ айтады. «3 тілділік» жаңа тақырыпты 3 тілде айтады. «Миға шабуыл» ойынында жұмбақ шешу. «Кезекші микрофон» жаңа сабақ туралы микрофонды бір-біріне беру арқылы сұрақ қояды. «Мақалды жалғастыр» сергіту сәті. «3 шапалақ» бағалау әдісі. «Шырша ағашы» қолдан жасалған стикерлерлер арқалы өз жұмысының аяқталғанын білдіреді (қызыл түс – толық орындалғанын, сары түс-дайын болып қалғанын, жасыл түс-аяқталмағанын білдіреді). «Көрме» - оқушылар дайын болған шырша эшекейлерін тақтаға жапсыру арқылы көрме ұйымдастырады.

5. «Үкілі домбыра» үйірме жетекшісі: А.Төлесін аралас сабағында «Нота тізбегі» домбыраның мойнына жасырылған нота жайындағы сұрақтарға жауап берді. «Домбыра сыр шертеді» оқушылар қоржындағы конвертті таңдау арқылы қазақ композиторлары жайлы сұраққа жауап береді.





АӘДБ жоспарына сәйкес, ҚББП және үйірме жетекшілерінің «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесіне арналған онкүндік іс-шарасы ұйымдастырылды.

1. 17.11.2021. «Шебер қолдар» үйірме жетекшісі Уразова Зина «Елбасыға сыйлық» тақырыбында оқушылар арасында көрме өткізді



2. 18.11.2021ж. «Ұшқыр ой алаңы» үйірме жетекшісі Садуова Мадина «Ел тандаған – Елбасы» тақырыбында зияткерлік ойын өткізді



3. 19.11.2021ж. ҚББП

У.Абдурахманова және сынып жетекшілер «Балалық шағымның аспаны» тақырыбында Елбасы туралы фильмдер, слайдтар, роликтерге көрсетілім жасады.



4. 20.11.2021ж. «Үкілі домбыра» үйірме жетекшісі Төлесін Аппақ 5-8 сынып оқушылары арасында «Менің елім» тақырыбында патриоттық әндер байқауын өткізді.



5.

22.11.2021ж. «Математикалық сауаттылық» үйірме жетекшісі Жумагулова Улбосын 3-4 сынып оқушылары арасында «Туған өлкем мақтанышым» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауын өткізді.



6. 23.11.2021ж. «Жас шебер» үйірме жетекшісі Кусбаева Роза 4 сынып оқшылары арасында «Бейбіт әлемнің символы» тақырыбында сурет байқауын ұйымдастырды.



7. 25.11.2023ж. «Тарих ата», «Қызықты психология» үйірме жетекшілері Кусбаева Камшат және Саухатова Лаура 8-сынып оқушыларына «30 табысты жыл» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



8.27.11.2021ж. ҚББП және үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Кемеңгер көшбасшы» тақырыбында челлендж жолдады.



9. 28.11.2021ж. ҚББП Уралай Абдурахманова 9- сынып оқушылары арасында «Елбасыға тілек» тақырыбында жас ақындар мүшайрасын өткізді.



10.29.11.2021ж. «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесіне арналған онкүндіктің жабылу салтанаты өткізілді.



НОБД бойынша жалпы оқушы саны: 624

Штаттық үйірме саны: 10, оқушы: 351

Ақысыз спорт секциясы: 7, оқушы: 273

2022-2023 оқу жылында мектепте 10 ақысыз үйірме жұмыс жасады. Атап айтқанда: «Жас шебер» үйірмесіне (0,5шт) 13 оқушы, «Сөз өнері» үйірмесіне 48 оқушы, «Өлкетану» үйірмесіне 48 оқушы, «Тарих ата» 48 оқушы, «Шебер қолдар» үйірмесіне 43 оқушы, «Компьютер әлемінде» үйірмесіне (0,5 шт) үйірмесіне 24 оқушы, «Географиялық есептер» үйірмесіне үйірмесіне 47 оқушы, «Қызықты психология» үйірмесіне 46 оқушы, «Медиасауаттылық» (0,5 шт) үйірмесіне 24 оқушы, «Ұшқыр ой алаңы» (0,5 шт) үйірмесіне 22 оқушы, спорттық үйірмелерге (волейбол, баскетбол, футбол, тоғызқұмалақ, бес асық, асық ату) үйірмелеріне 287 оқушы тартылған. Бастауыш сыныпта балалар қазақ тілі, математика, жаратылыстану пәндері бойынша үйірмелерге тартылған.

Жалпы мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылында 624 оқушы 73 % түрлі үйірмелерге тартылған. Бұл үйірмелерге үйірме жетекшілері жетекшілік жасап, іс-жоспарлары бекітілген. Үйірмелердің өткізу кестесі жасалған.

15.09.2022 ж «Сөз өнері» үйірме жетекшісі Дүйсәлі Сағира отбасы күніне орай «Отбасы – бақыт аясы» тақырыбында 6-сынып оқушылары мен ата-анасының қатысуымен сайыс сабақ өткізді. Мақсаты: ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нағайту.



17.10.2022 ж «Компьютер әлемі» үйірме жетекшісі Абсалаева Салтанат оқушылардың информатика пәнінен алған білімдерін жинақтау, мектебіміздің тарихын танып, білу мақсатында «Менің мектеп әлемім» тақырыбында 6-7 сыныптар арасында бейнеролик байқауын ұйымдастырды.



21.10.2022ж. «Ұшқыр ой алаңы» дебат жетекшісі Садуова

Мәдина Республика күніне орай, «Мен өз елімнің азаматымын» атты пікірсайыс турнирін өткізді.



Тарихымызды танып білуге және оның ішіндегі тарихи жәдігерлер мен құндылықтарымызды өз көздерімен көріп, тану мақсатында 08.11.2022 ж. үйірме жетекшілері К.Кусбаева және М.Жумагулова 6 сынып оқушыларын Аудандық Мұражайға



